Тайынша таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті

2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 10 (977) 1 наурыз, 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany ★ http://tainshatany.kz ★ tainsha_tan@list.ru

АУДАНЫМЫЗДА 18 АУЫЛ ТАРАТЫЛУЫ МҮМКІН....

Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданында 18 ауыл таратылуы мүмкін деген болжам бар. Жалпы Тайынша ауданында 50-ден аз адам тұратын 18 елді - мекен бар екен. Ал оның сегізінде адам саны 10-ға дейін ғана. Халық саны 50 адамнан аз елді - мекендер даму әлеуеті төмен ауылдарға жатады. Оларды қаржыландыру орынсыз, және босқа ысырап. Әдетте мұндай елді-мекендер мен ауылдар ерте ме, кеш пе жойылады. Ауылдың немесе кенттің мәртебесін өзгерту үш жыл ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Соңғы 10 жылда ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясат даму әлеуеті бар ауылдық елді- мекендерге басымдықпен қолдау көрсету арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталғанын атап өткен жөн. Әлеуеті жеткіліксіз ауылдық жерлерде бірқатар жүйелі мәселелер шешімін тапқан жоқ. Көлік жолдардың жай-күйіне қатысты мәселелер толық шешімін таппады, мектептер мен барлық әлеуметтік инфрақұрылымдар жоқ, іргелі шаруашылықтардың дамуына толық мүмкіндік болмағандықтан жұмыс істеуге де мүмкіндіктер жоқ. Білім беру және медициналық қызмет көрсетуде де туындаған көкейтесті мәселелер бар.

Ауыл тұрғындарының ауылдан көшіп кетуіндегі тағы бір фактор - қалаға көшу, басқа ауылдарға, аудан орталықтарына көшуі салдары және халықтың санасының өзгеруімен байланысты деуге де болады. Жыл сайын балаларына сапалы білім беріп, лайықты болашақты қамтамасыз етуге ниетті, өркениет игілігіне толық қол жеткізгісі келетін ауыл тұрғындарының саны артып келеді. Бүгінде мұндай ауылдар үшін елдің әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы заңнамаға сәйкес олардың ауыл мәртебесіне сәйкестігі туралы мәселе туындайды. Тайынша ауданының 18 ауылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сай емес, оның ішінде 8 елді - мекенде он және одан аз адам тұрады. Олар әлеуетті түрде жойылуы мүмкін, бұрынырақ айтылғандай, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңына сәйкес, елді - мекен деп тұрақты халқының саны 50 адамнан кем емес аумақ қана саналатынын еске саламыз. Айта кетейік, Солтүстік Қазақстан облысында 365 елді -мекеннің 125-і шағын болып есептеледі, ондағы халық саны 50 адамға дейін. Ал 39 ауылда 10-ға дейін ғана тұрғын бар. Сонымен бірге олардың ішінде бес адамға дейін тұратындар бар.

Болашақта мұндай шағын ауылдарда қаржы ағындары мен басқа қаржыландыру көздері күтілмейді, бұл аумақтарда экономикалық өсу мен даму жоқ, өкінішке орай, уақыт өте келе бұл елді-мекендердің келешегі болмағандықтан, тұрғындардың өздері үшін де, мемлекет үшін де әлеуеті жоқ. Үлкендікішілі әр ауылдың өз тарихы бар. Барлығымыз үшін бұл картадағы жай ғана нүкте емес, жай тұрғылықты жер емес. Бұл - елге танымал, ұлы адамдардың туған жері, бірнеше ұрпақ өкілдерінің тұрғын мекені және біз одан әрі осында өмір сүре береміз бе, әлде көп жылдар бұрын осы жерден жоғары табыс көзін іздеп,жайлы өмір мен тұрақтылықты аңсап жарқын болашаққа ұмтылып кетсек те бәрібір есте қалады. Халқының аздығы мен әлеуетінің жоқтығынан жойылуға жататын ауылдар еліміздің тарихынан өшпейді.

Алдағы уақыттарда мемлекет пен жергілікті тұрғындардың, кәсіпкерлердің және жай ғана шалғай елді-мекендерді қайта жандандырғысы келетіндердің қолдауымен жойылған аумақтарда жаңа ауылдар пайда болу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Әрине, ол енді уақыт еншісінде.....

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ МӘЙЕГІ

Биыл Жошы ұлысының іргесі қаланғанына 800 жыл. Осы ретте 7 томдық "Қазақстан тарихы" академиялық басылымы жарық көреді деп жоспарлануда. Бұл еліміздегі көптеген тарихшы ғалымдарының еңбегінің нәтижесі болмақ. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабұлдиновтың басшылығымен 5-6 томдарды басып шығару бойынша белсенді жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Бұл ауқымды зерттеуге Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Астана және Петропавл қаласындағы филиалдары да жұмылдырылып отыр. Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Петропавл қаласындағы филиалы 2022 жылдың қыркүйегінде ашылды. Институт филиалы М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың мұражай ғимаратында орналасқан. Елімізде 2020 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" Жарлығы шықты. Маңызды құжатқа сәйкес XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі жұмысты қайта бастау міндеті қойылды.Осы орайда жаппай және саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі өңірлік комиссия және Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Петропавл қаласындағы филиалы соңғы екі жылдың ішінде Қазақстан Республикасында жаппай және саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі дереккөздер мен деректер жинау бойынша үлкен жұмыс атқарды. 2022 жылы атқарылған жұмыстың қорытындысы ретінде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Кариннің басқаруыменен "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары" атты мұрағаттық құжаттардың 31 томы жарық көрді. Оның 2 томы өңірлік комиссияның және институт филиалының қатысуымен дайындалды.

Бұл кітаптар 2023 жылдың қаңтарында Сәбит Мұқанов атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханаға тапсырылды. Зерттеу барысында табылған бірқатар тарихи құжаттармен осы жерде танысуға болады. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында филиал қызметкерлері аудандарды аралап, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарында сақталып қалған тарихи ақпараттармен, жәдігерлермен танысты. Осының нәтижесінде құрбандардың фотосуреттері, мұрағаттық анықтамалар, сот шешімдері және басқа құжаттар табылды. Сондай-ақ өткен жылдары өңірдегі өлкетанушылар мен мұражай қызметкерлерімен бірігіп, "Трагедия және түсінік" атты естелік, Есіл ауданында белгілі өлкетанушы Михаил Ключеровтың "Жазықсыз зардап шеккендер" кітаптары жарыққа шықты. Бұл кітаптар қуғын-сүргінге ұшыраған жерлестеріміз туралы көлемді де құнды жәдігерлер саналады.Сонымен қатар филиал ашылған сәттен бастап М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетімен бірлесе өңірде тарих саласында ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға, зерттеу бағдарламаларын, ғылыми өтінімдерді беру және іске асыру үшін бірлескен зерттеу топтарын құруға, тағылымдамаларды ұйымдастыруға және өткізуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге зор үлес қосып келеді. Тарих ғылымы – ұлттың, елдің тәуелсіздігінің және тарихи сананы қалыптастырудың тірегі. Өйткені ұлт тарихы – оның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындайтын ең негізгі фактор болып саналады.

Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болмайтыны белгілі. Бірақ сол тарихтың ғылымға негізделіп, шынайы, түбегейлі, жанжақты зерттелмеуі тарихи сананың, ұлттық рухтың әлсіреуіне әкелетініне, әсіресе өткен жиырмасыншы ғасырдың ұрпақтары талай рет көз жеткізді. Ендеше отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе – іргелі зерттеулер жүргізу арқылы болашақ зиялы ұрпақты тәрбиелеу. Біз, Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы тарихшылары – өткеніміз бен бүгінімізді ұштастырып, мойнымызға артылған ауыр жүктің жауапкершілігін сезініп, ұлтымыздың тарихын қаз-қалпында жеткізуде жолсерік болуға тиіспіз.

Нұрболат ӘБУОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты
Петропавл қаласындағы филиалының директоры.

АНА ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ МАҢЫЗДЫ

Ұлт ұстазы, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»,- деген қанатты сөзі газетіміздің басты ұстанымы. Сөзіміз жоғалмауы үшін тіліміздің өрісін кеңейтіп, болашағын бұлдыратпау бұрынғыдан бүгінгіге жеткен аманаттың ең үлкені екенін түсінуіміз керек...

Әр жылдың 21 ақпанында ЮНЕСКО мен БҰҰ бастап, дүниежүзінің өзге елдері қостап Халықаралық ана тілі күнін атап өтеді. Биылғы Халықаралық ана тілі күні «Көптілді білім беру – ұрпақтар арасында білім беру мен оқытудың негізі» деген тақырып аясында аталып өткелі тұр. Бұл күндері өткізілетін іс-шаралар жергілікті тілдердің теңдігін қамтамасыз етуге, Жер беті тұрғындарының тілдерді дамыту туралы ақпаратын арттыруға бағытталады. Жаһандық білім мониторингі есебі авторларының айтуынша, әлем халқының 40 пайызға жуығы өздері түсінетін тілде білім алуға мүмкіндігі жоқ. Яғни қазір дүниежүзі халқының 40%-ы өзі сөйлеп, түсінетін тілде білім ала алмайды, ал кейбір аймақтарда халықтың 90%-ға жуығы өз тілінде білім алу мүмкіндігінен айырылып отыр екен. Бұл қасірет пе? Қасірет, әрине! Өз тілінде білім ала алмау және өз тіліңде сөйлейтін ортаның тарылуы сол ұлтты «сөзі жоғалған жұрт» қатарына біртіндеп қоса беретіні анық. Мұндай кедергілердің алдын алу үшін жасалған зерттеулердің қорытындысы былай дейді: ана тілінде білім беру сол халықтың оқу нәтижелерін жақсартуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бастайды. Бұл тәсіл ұрпақтар арасында білім алмасуға және төл мәдениетті сақтауға да ықпал етеді екен. ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азуле ана тілінде білім берудің маңызы туралы ойын былай жеткізгені бар еді: «Тілдік әртүрлілікті сақтай отырып, қазіргі оқу саласындағы жаһандық дағдарыспен күреске көмектесу үшін мектептің алғашқы сатысынан ана тіліне негізделген білім беру маңызды. Ана тілі сауат ашуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім берудің алғашқы жылдарында негізгі оқу, жазу және есептеу дағдыларын меңгеруді жеңілдетеді. Дәл осы дағдылар адамның одан әрі тұлғалық өсуінің негізі. Сонымен қатар ана тілі – шығармашылық жан-жақтылығымыз бен болмысымызды танытатын бірегей құрал, білім мен инновациялық дамудың қайнар көзі».

Демек, «сөзі жоғалған жұрттың» қатарында болмауымыз үшін біз де қазірден баланы ана тілінде оқытудың арнайы мемлекеттік жаңа жобасын қолға ала бастауымыз керек. Қазақ «қауіп еткеннен айтамын» дегенді бекерге назарға алмаған жұрт қой. Киберкеңістіктегі кейбір халықтың ана тілінің кездеспеуі де жергілікті ұлттар тілінің дамуына көп кедергі келтіріп тұр. ЮНЕСКО сарапшылары интернеттің бай ресурсын пайдалана алмайтын қауымдастықтар мен жеке адамдардың құқығы туралы да алаң көңілін білдірген еді. Виртуалды ортада кең таралған тілдерде сөйлемейтін Жер шары тұрғындарының өзін-өзі көрсету құқығы, ана тілінде мәдени контент құру және оны онлайн тарату мүмкіндігі болуы керек деген ұстанымдағы ұйым сарапшылары интернеттегі мәдени әртүрлілік пен көптілділік плюралистік, әділ, ашық және инклюзивті білімге негізделген қоғам құру үшін маңызды деп есептейтінін тек Халықаралық ана тілі күнінде емес, әр зерттеулерінде айтып жүр. Алайда интернеттегі жағдай әлемнің алпауыт тілдерінің контенті қанатын кеңге жая бастағанын дәлелдеп отыр. Бір ғана мысал, Google жүйесінің аудармашы бөлімінде 133-ақ тіл бар. Әрине, бұған жасанды зерденің де, интернеттің де көп қатысы жоқ болғанымен, аз ұлттың сөзі ғаламторда да аз сөйленетінін, өз ана тіліне селқос қарағанның әрқайсының тілі интернет кеңістігінде де «ұмыт қалатынын» көрсетіп бермей ме? Сирек кездесетін тілдерді үйренуге көмектесетін арнайы уеб-сайттар мен қолданбалар қазір көптеп ашылып, жасалып жатыр. «Заманауи технологиялар бізге осы күрделі мәселені шешудің жаңа жолын көрсете алады. Атап айтқанда, жаңа технология аудио жазбалар жасауға мүмкіндік береді және сол арқылы көбінесе ауызша түрде ғана бар тілдерді сақтауға ықпал етеді; олар тілді таратуға және лингвистикалық талдау жүргізуге көмектеседі; бір сөзбен айтқанда, жергілікті диалектілер мен жалпы диалектілерді ортақ меншікке айналдыруға жол ашады. Интернет дамуының тілді біркелкі етудің ықтимал қаупін ескере отырып, біз жағдайды бақылауға алғанда ғана, технологиялық прогресс көптілділікке қызмет ететінін түсінуіміз керек», – дейді ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азуле. Айтқандай, БҰҰ 2022–2032 жылдарды жергілікті халық тілдерінің халықаралық онжылдығы деп жариялаған еді. Осы уақыт аралығында дүниежүзілік қоғамдастық тілді жоғалту мәселесін шешуге белсене араласамыз деп отыр. Лайым тілдер өлмегей, сөз жоғалып, жұрт жоғалудан сақтасын!

Қарагөз СІМӘДІЛ, «Ana tili»

2024 жылғы наурызда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	**Ерлан Сапарбекұлы Алпысов**, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зерновой консорциум Казахстана» ЖШС мал шаруашылығы саласының кеңесшісі	6 наурыз «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	**Юрий Васильевич Красноголовый,** аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	4 наурыз Краснополян а/о әкімдігі
3	**Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев,** аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолайн» ЖШС директорының орынбасары	7 наурыз Келлер а/о әкімдігі
4	**Гүлдана Серіккызы Көпірбаева,** аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	11 наурыз «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
5	**Данил Викторович Долгалев,** аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	13 наурыз Летовочный а/о әкімдігі
6	**Анатолий Францевич Сарницкий,** аудандық мәслихаттың депутаты	15 наурыз Яснополян а/о әкімдігі
7	**Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова,** аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	14 наурыз Мироновка а/о әкімдігі
8	**Алмас Жолдасұлы Нұрахмет,** аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	18 наурыз «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
9	**Людмила Николаевна Журавлёва,** аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	20 наурыз Теңдік а/о әкімдігі
10	**Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов,** аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	26 наурыз Большеизюм а/о әкімдігі
11	**Динара Мәлікқызы Рсаева,** аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	28 наурыз Тихоокеан а/о әкімдігі
12	**Николай Викторович Брайченко,** аудандық мәслихаттың депутаты, «УМР ОГОК» ЖШС директорының орынбасары	29 наурыз Чкалов а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты:
11.00.-ден 13.00.-ге дейін.
Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады:
аудандық мәслихат **– 23 4 85, 23 0 72.**

* * *

ҮЙ ЖАНУАРЫҢЫЗДЫ ТІРКЕУ ТЕГІН

Ит - адамның досы. Бірақ сыртқа шыққанда үй жануары ашуланып, жабайы жүгіреді, жаңа ортаға бейімделеді немесе өледі. Көбінесе үй жануарларының иелері басқа тұрғылықты жерге көшкен кезде үй жануарларын көшеге қалдырады, бұл қаңғыбас жануарлардың көбеюіне әкеледі. Бұған жол бермеу үшін үй жануарларын баспанаға орналастыруға болады, онда уақыт өте келе олар үшін жаңа иесі табылады.

Тірі қалған жануарлар жылу мен азық-түлікке ұмтылады, сондықтан оларды көбінесе жылу магистралінің аймағында немесе тұрғын үйлердің жанында табуға болады. Жабайы жануарлар топ-тобымен жиналады. Бұл олардың аман қалуын, аумақтарын қорғауды және азық-түлік қорын қорғауды жеңілдетеді. Роумингтегі отарлар агрессивті болуы мүмкін. Себебі, өз мүлкін қорғау. Сонымен қатар, қаңғыбас иттер мен мысықтар үш жүзге жуық аурулардың қоздырғыштарының көзі болып табылады, олар: құтыру, токсоплазмоз, лептоспироз, дифиллоботриоз, трихиноз, эхинококкоз және т.б.

Көп жағдайда үйсіз жануарлардың пайда болуына адамдар жауапты.

Қараусыз жануарлардың санын реттеу мемлекет, жануарларды ұстауға, уақытша ұстауға және өлтіруге қатысатын жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қараусыз жануарлардың санын зарарсыздандыру, жануарларды орналастыру арқылы азайту мақсатында жүргізетін шаралар кешені болуы тиіс. , танымдық іс-шаралар және халыққа түсіндіру жұмыстары.

Жануарға жауапкершілікпен иелік ету маңызды. Бұл тірі жан екенін түсініңіз. Сіз оны көптеген жылдар бойы қабылдайсыз, күн сайын оған уақытты, көңіл бөлуді және күш салу керек. Жануардың жоғалып кетпеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау қажет: микрочиптеу, иттер мен мысықтардың мекенжай картасы, серуендеуге жарамды әбзел немесе жаға.

Естеріңізге сала кетейік, жеке және заңды тұлғаларға тиесілі барлық үй жануарлары, оның ішінде жануарларға арналған қоралардағы, уақытша ұстау изоляторларындағы, оңалту пункттеріндегі, зоологиялық питомниктердегі жануарлар тіркелуге жатады. Меншік иесі ауысқан жағдайда жануар үй жануарларын есепке алу ережелерінде көзделген деректер базасында міндетті түрде қайта тіркелуге жатады.

Тайынша ветеринарлық станциясы иттер мен мысықтарды микрочиптеу жұмыстарын жүргізеді. Үй жануарыңызды тіркеу тегін. Чиптің өзін және оны орнатуды төлеу керек болады, процедураның құны 4 000 теңге. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларының иелері (зейнеткерлер, мүгедектер және т.б.) қызметті тегін алу үшін ветеринариялық пунктке хабарласа алады.

Марат ТОҚУЖИНОВ, «Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК басшысы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ІСІН ЖАҢА БАСТАҒАН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ СЕНІМІН ПАЙДАЛАНАТЫН АЛАЯҚТАР САНЫ АРТУДА

Бүгінгі күні жеке бизнес ашу қиынға соқпайды. Дара кәсіпкерді (ДК) не жауапкершілігі шектеулі серіктестікті (ЖШС) тіркеу жөніндегі қызмет толығымен автоматтандырылған. Ол үшін Egov.kz порталында онлайн өтініш беріп, лицензиарды, яғни болашақта оған бекітілетін салық органын таңдау қажет және тиісті құжаттарды толтыру керек. Алайда, цифрландырудың дамуымен қатар, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді алдайтын алаяқтық схемалар саны да өсіп келеді.

Fingramota.kz алаяқтықтың осы түрі жөнінде айтып береді және азаматтар мен ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге пайдалы кеңестер береді.

Әлеуметтік желілерде азаматтарға бизнесін «дөңгелетіп» әкетуге немесе ісін жаңадан бастағандарға көмек көрсетуді ұсынатын қызмет түрлері кеңінен тарауда. Қаскүнемдер бизнесті дамыту үшін сіздің банктік шотыңызды басқаруға алу, оның ішінде бухгалтерлік операциялар жүргізуді және салық инспекциясына қажетті есептер беруді ұсынады. ДК мен ЖШС-ны басқаруға үшінші адамдарға карт-бланш беру корпоративтік алаяқтыққа әкеп соғуы мүмкін.

Корпоративтік алаяқтық – бұл алаяқтардың жеке басының пайдасы үшін және/немесе компанияның мүддесіне зиян келтіретін және/немесе алдау, сенімді пайдалану, жаңылыстыру немесе қызметтік жағдайын пайдалана отырып басқа жолмен компанияға материалдық және/немесе материалдық емес зиян келтіру мақсатында жасайтын әрекеттері.

Жеке бизнесті басқаруға алған алаяқтық схемасы

Бизнесті толық басқаруына алғаннан кейін алаяқтар фейк интернет-дүкендер ашады, әлеуметтік желілерде парақшаларын жүргізеді, маркетплейстерде жарнамалар жасайды, онда олар ДК немесе ЖШС иелері ретінде түрлі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатады. Одан кейін олар мәміле туралы келіседі және әлеуетті құрбандарына төлем жасауға қашықтан шот-фактуралар жібереді, бұл адамдарда ақша қаражатын аудару кезінде ешбір күмән тудырмайды. Мұндайда кәсіпкер өзінің қылмыстық схемаға тартылғанын, делдал ретінде пайдаланылғанын түсіне бермейді, себебі алаяқтар әрекеттерін «жұмыс істеп тұрған бизнес» ретінде шебер жасырады. ДК, ЖШС және банктік шоттарды басқаруды бөгде адамдарға беру **жаппай сипатқа** ие болып отырғанын ескерсек, оның салдарынан азаматтарға үлкен материалдық шығын келтірілуде. Жоғарыда көрсетілген әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 және 28-баптарына сәйкес алаяқтық ретінде жіктеледі және айыппұлмен, түзету жұмыстарымен не бас бостандығынан айырумен жазаланады. Бизнесті басқару қызметіне жүгінгендерге құқық бұзушыларға көмек көрсеткен жағдайда да жауапкершілік көзделгенін атап өткен жөн.

Қызметін енді бастаған кәсіпкерлерге жеке деректерге, электрондық кілттерге және ДК/ЖШС-нің басқа құжаттарына бөгде адамдардың қол жеткізуін шектеуге кеңес береміз. Қандай жағдай болмасын бизнесіңізді делдалдарға басқаруға бермеңіз. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды!

ДК немесе ЖШС-ның ресми құжаттарының болуы кепілдік бермейді

Интернет арқылы танымал интернет-дүкендердан белгілі бір заттарды сатып алу көңілге сенім ұялатады. Мұндай сатып алуларды Қазақстанның көптеген ірі банктерінің мобильді қосымшалары арқылы жасауға болады. Алайда, бұл осы сауда алаңдарынан саудасаттық жасау қауіпсіз, сенімді дегенді білдірмейді, сатушылардың барлығы бірдей өз ісін адал жүргізеді деп сенуге де болмайды.

Алаяқтық жағдайлар қарапайым схема бойынша іске асырылады. Сатып алушы тауарға тапсырыс береді, мысалы, велосипед деп алайық, сатып алушы оның ақысын төлейді, бірақ жеткізуші тауарды уақтылы жібермейді, қоңырауларға жауап беруді қояды, тіпті мүлдем жоқ болып кетеді. **Бұл әрекеттер сатып алушының онлайн банкинг шоты болған кезде де орын алуы мүмкін.**

Осындай проблемаларды болдырмау үшін сатып алудан бұрын қосымшадан сатушының қандай рейтингте тұрғанын, пікірлердің бар-жоғына көңіл аударған жөн. Осы мәліметтер негізінде кейбір тұжырымдар жасауға болады. Мысалы, егер сатушыда қысқа уақыт ішінде 5-10 пікір ғана жазылған болса, бұл сіздің көңіліңізге күдік тудыруы қажет. Іздеу жүйелерінен сатушының атын іздеңіз, мүмкін сіз олар туралы қызықты деректер табарсыз, бұл келешекте сіздің қиындыққа тап болмауыңыз үшін қажет.

Егер жалған сатушыға жолыққан жағдайда, не істеуге болады?

• Егер сіз Интернет арқылы сауда жасау барысында алаяққа тап болсаңыз, бірінші кезекте сатушының атына шағымданыңыз. Тіпті дүкеннің заңды мекенжайы белгілі болмаса да шағымданыңыз, сайтта байланыс үшін көрсетілген қандай да бір байланыс деректері (мысалы, электрондық пошта мекенжайы) болуға тиіс. Егер сайтта заңды мекенжай көрсетілсе, онда электрондық шағымды жай пошта арқылы да жіберуге болады.

• Шағымда дүкен жасаған бұзушылықтың мәнін толыққан сипаттап, өз талаптарыңызды (тауарды ауыстыру, ақшаны қайтару) қою қажет. Шағым ескерілмеген кезде әрі қарай әрекет ету керек. Дүкеннің іс-әрекеттері нағыз алаяқтық болатын болса (мысалы, алдын ала төлем жасалған тауар жеткізілмесе), уақытты жоғалтпай, полицияға өтініш беру керек.

• Шағымды **e-tutynushy.kz** сайтынан беру керек, аталған ресурс шығымды әрі қарай сатушыға өзі жібереді. Сатушыға сатып алушымен мәселені шешуге 10 күн беріледі және осы уақытта сатушы шағымға ден қоймаса, мемлекеттік органдар іске қосылады.

• Ұрланған қаражат сомасы қомақты болмаса да, шағым беруден бас тартпау керек. Интернет-дүкен иелеріне де шара қолдануға болатынын естен шығармаған жөн, өйткені сайттың домені хостингте орналасқан, бұл онда оның иесінің нақты төлқұжат деректерінің бар екенін білдіреді. Бұдан басқа, алынған тауарға қоса берілетін құжаттарда да сатушының байланыс деректері болуы мүмкін.

• Сатып алу процесі аяқталғанға дейін және тауарды өзіңіз тексеріп алғанға дейін сатушымен барлық хат-хабарды міндетті түрде сақтап қойыңыз. Қалай болғанда да ақшаңыздан айырылып және тауарды алмаған болсаңыз, барлық скриншоттарды ұсына отырып құқық қорғау органдарына өтініш жазыңыз.

Жеке хабарландырулар - тәуекелдердің жоғарылауы

Жеке хабарландырулар сайттары арқылы сауда жасау кезінде адамның жосықсыз саудагерлерге тап болу тәуекелі әбден ықтимал. Әдемі суреттің арғы жағында нағыз алаяқ жасырынып отыруы мүмкін. Алаяқтардың «жұмысының» әдеттегі үлгісі мынадай: сатып алушы өзіне қажетті тауарды тапқаннан кейін «сатушы» өзінің басқа қалада екенін сылтауратып, тауарды пошта арқылы жібере алатынын мәлімдейді. Осы ретте, сатып алушыны поштаның немесе танымал курьерлік қызметтің үйден шықпай-ақ, батырманы 2 рет басу арқылы ақы төлеуге және бірер күннен кейін тауарды үйге дейін курьер арқылы алуға мүмкіндік беретін, сондай-ақ бұл үшін комиссия алмайтын жаңа қызметінің пайда болғанын сендіреді. Бұл үшін сатушы порталда өзі сәлемдеме «құрып», сатып алушыға сілтеме жібереді, ол сілтемені ашқаннан кейін сатып алушы өз картасының деректерін енгізуі қажет. Деректерді енгізгеннен кейін сатып алушының картасынан тауар құнының сомасын ғана емес, оның бүкіл ақшасын шешіп алатынын айтпаса да түсінікті. «Сатушы» із-түссіз жоғалады, оған қоңырау шалу мүмкін болмайды.

«Сатушыдан» келген сілтеме апаратын порталдың дизайны логотиптері бар шынайы пошта қызметтері сияқты жасалатынын атап өту қажет. Бұл фишингтік сайт екенін браузердің мәтін енгізетін жолынан ғана аңғаруға болады. Мұндай қызметтің бар-жоғын анықтау үшін сайттың қандай компанияның атынан жұмыс істеп тұрғанын біліп, ашылатын фишингтік парақшада көрсетілген телефонға емес, сол компанияның өзіне ресми телефондар бойынша хабарласқан дұрыс болады.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

ДЕПУТАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛІ

Биыл еліміз жергілікті мемлекеттік басқарудың құрамдас бөлігі, жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында жергілікті мәслихаттағы депутаттар халық пен билік арасында дәнекер болып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында аянбай қызмет етуде.

«Жалпы, депутат дегеніміз – халық қалаулысы. Халықтың қоғамдағы талабы мен тілегі, мүддесі мәслихатқа депутат арқылы жетеді. Халықтың бүгінде өзіндік көзқарасы бар,саяси сауатты, бәрінен хабардар. Елдегі оқиғаны жақсы біледі. Шын мәнінде депутаттың жұмысында қиындық та аз емес. Негізделіп келген нәрселерді тәжірибе жүзінде қолданып, халықтың көңілінен шығуы қажет. Екеуін де жымдастырып, бірдей етіп шығару оңай мәселе емес. Ал, халықтың сенімі деген – үлкен жауапкершілік. Осындай асқан жауапкершілікпен қызмет атқарып келе жатқан Тайынша аудандық мәслихатының депутаттары биылғы «Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл» мерекесі қарсаңында біршама айтарлықтар іс – шаралар атқарды.

Тайынша қаласының дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің аренасында ерлер командалары арасында волейболдан аудандық турнир өтті.

Турнирдің мақсаты — волейбол ойынын насихаттау, спорттық шеберлікті арттыру, командалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Турнирге ауылдық округтер мен Тайынша қаласынан 11 команда – Донецк, Яснополян, Алабота, Чкалов, Зеленогай, Киров, Чермошнян, Летовочный, Келлер ауылдық округтері және Тайынша қаласынан екі команда қатысты. Турнирдің салтанатты ашылуында жарысқа қатысушыларға 8-ші шақырылымдағы мәслихат депутаттары А.Нұрахмет, А.Әбдірахманова, 5, 6-шы шақырылымдағы аудандық мәслихат хатшысы, Тайынша қаласының волейбол қозғалысының белсендісі Қ. Шәріпов және 1994-1999 жылғы 1-ші шақырылымдағы Красноармейск аудандық мәслихатының депутаты, Тайынша қаласының волейбол құрама команданың мүшесі И.Тупицин сөз сөйледі.

Мемлекеттік туды көтеріп, мемлекеттік Әнұранды ұжымдық орындағаннан кейін жарыстың бас төрешісі В.Новицкий таңдау нәтижелерін айтты. Жарыс күнінің қорытындысы бойынша "Тайынша - 1" командасы жеңіске жетті. Мәслихат депутаты А.Әбдірахманова жеңімпаздарға 60 000 теңге сомасына сертификат, кубок және диплом табыс етті. Екінші орын "Вишневка" командасында. Мәслихат депутаты А. Нұрахмет 40 000 теңге сомасына сертификат, кубок табыстады. Үшінші орынды "Донецкое" командасы алды. Мәслихат төрағасы С.Бекшенов 20 000 теңге сомасына сертификат, кубок табыс етті. "Үздік байланыстырушы" номинациясы бойынша кубок пен диплом "Тайынша-1" командасынан А. Мыңбаевқа табысталды. "Үздік шабуылшы" номинациясы бойынша кубок пен диплом "Тайынша-1" командасынан В.Шульгаға табысталды. "Ең техникалық" номинациясы бойынша кубок және диплом "Донецкое" командасынан А. Шишковскийге берілді.

МЕРЕЙТОЙҒА ОРАЙ: 30 ИГІ ІС.

Тайынша аудандық мәслихатының құрылғанына 30 жыл толуы қарсаңында 8-ші шақырылым депутаттары «30 игі іс» қайырымдылық акциясына бастамашылық жасады. Акция аясында ауданымыздың 31 отбасына, оның ішінде көпбалалы және толық емес отбасыларына, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына, депутаттар өз сайлау учаскелері бойынша жеміс себеттерін үйлеріне жеткізді.

Ұйымдастыру комитеті және сыйлық себеттерін алған отбасылар сегізінші шақырылымдағы мәслихат депутаттары А.Абдрахмановаға, С.Бекшеновке, Л. Журавлеваға,Ю.Красноголовыйға, Г.Купербаеваға,А.Нұрахметке, Д. Рсаеваға, А.Сарницкийге акцияны өткізуге көрсеткен материалдық көмегі үшін алғыс білдіреді.

ЕРЛІК ІС - ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

15 ақпан қаза тапқан ауған жауынгерлеріне арналған мемориалда Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына орай гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Іс-шараға аудандық мәслихат төрағасы С. Бекшенов, аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Н.Ақтанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы А. Рафальский және Ауған соғысының ардагерлері қатысты.

Жиналғандар әскери борышын орындау кезінде қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды, содан кейін үш актілі қару-жарақ атылды.

Бұл күні аудандық кітапханада мәслихат төрағасы С. Бекшенов Ауған соғысының ардагерлерімен кездесіп, қатысушыларға мерейтойлық медальдар табыс етті.

Бетті дайындаған: **Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ**

КӨЛІ ЖОҚ ЖЕРДІ ҚАЛАЙША «ОЗЕРНОЕ» ДЕП АТАЙДЫ...

Сөзді турасынан бастасақ, бұрынғы Көкшетау облысы Чкалов ауданында (қазіргі Солтүстік-Қазақстан облысындағы Тайынша ауданы) «Озерное» дейтін шағын село бар. Ол селоның қысқаша тарихы мынандай: 1950 жылдардың басында Чкалов ауданындағы «Красная звезда» колхозына «30 лет Казахстана» колхозынан жалға (аренда) жер бөлінді. Сол жерге колхоз орталығы Донецкое селосынан бірнеше отбасы көшіп келіп қоныстана бастады...

Сөйтіп, жаңа село пайда болды. Селоны «Озерное» деп атады. Не себептен оған кім осындай ат бергені белгісіз. Өйткені, ол жерлерде шағын көлшіктер болмаса «Озерное» деп атайтындай көл болған жоқ. Осы жолдардың авторы сол жердің тумасы болғандықтан, көктемде қайтқан құстар келіп қонатын көлшіктер мен шалшық сулардан басқаны көрмеген. Қазір ол жерде кішкентай көлшік те жоқ. Селоның негізгі тұрғындары неміс болғандықтан ауызекі «Маленькая Германия» деп те атайтын...

Соңғы жылдары неміс ұлтының көпшілігі Германияға көшкені белгілі. Олардың орнына қандас оралмандар, басқа ауылдардан қоныс аударғандар келді. Алғашқы қоныстанғандардан ешкім қалған жоқ десе де болады. Мұның өзі осы бір шағын селоның атын өзгертуді сұрап тұрғандай...

Қазіргі таңда біз көтеріп отырған бар мәселе мында тұр. Бұл селодан 4 шақырым (км) жерге колхоздастыру кезінде «Жаңатілек» ауылы 1927 жылдан қоныс тепкен болатын. Бұл жерлер ежелден Қабанбай – Қыпшақ руларының ата жұрты. Әрбір қайыңды шоқтың, ескі жұрттардың өз атаулары бар. Қазіргі «Озерное» селосы осы «Жаңатілектің» жерінде. Басында «Жаңатілек» колхозы, соңынан «30 лет Казахстана» колхозының учаскасы, кейіннен Абай атындағы совхозға қарады. «Келешегі жоқ» деген ауылдар тізіміне ілегіп, 1975 жылы соңғы үй совхоз орталығы Қарағаш ауылына көшті. Ауыл орнында жетімсіреп дара шыққан жалғыз қарағай мен ата-бабалар зираты қалды...

Бұл күндері негізсіз қойылған орысша атаулардың орнына тарихқа байланысты қазақша атаулар берілген кезде, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Жаңа Қазақстан» боламыз деп жатқанда маңында көлшік те жоқ «Озерноеның» атын жаңартып **«Жаңатілек»** десек орынды болар еді деген үміттеміз...

Біз, тарыдай шашылып, әр жерге қоныстанған, бұл күнде 100-ден аса «жаңатілек» отбасы бармыз. 2021 жылы ауылдың орнына ескерткіш-стелла орнаттық. «Қызыл қайың» - Жаңатілек» атты ауыл тарихын баяндайтын кітап шығардық. Ауыл жұртында бас қосқанда (100-ден аса адам) «Жаңатілек» атын «Озерное» селосына беруді жоғары жақтан сұрау керек деген ұсыныс қабылдап ек. Көпшілік «тамаша ұсыныс» деп бір серпіліп қалып еді...

Осы орайда Солтүстік-Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасындағы ономастика комиссиясына өтініш жолдап «Озерное» - ның орнына «Жаңатілек» деп ресми түрде бекітуін сұрап отырмыз.

Егер шынында да «Озерныйдың» жанында көл болып, қазіргі көптеген көлдердей жекеменшік иесі болса, балығы шоршып, немесе жақсы бір демалатын орын болса, көпшілікке игілігін тигізіп жатса, «Озерное» болып тұра берсін дер едік. Ендеше ен далада көлі жоқ жерді «Озерное» деп атаудың өзі ерсі емес пе?..

Айта кеткен жөн, осы «Жаңатілек» шағын ауылынан 50-ден аса азамат Ұлы Отан соғысына аттанып, солардың 13-і ғана елге оралған. Соғыс болмағанда біз жанайқайымызды осылай жаймас та едік, қайыңды алқапқа қоныс тепкен ауылмыздың іргесі сөгілмес те еді.

Совет БАЛТАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ

27 ақпанда аудан әкімінің экономика, құрылыс және жедел мәселелер жөніндегі орынбасары Е. Е. Дүйсембинның қатысуымен сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Сессия жұмысына аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы О. Г. Нероба, экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б. Ә. Сәрсембаев, кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Н. В. Голубь, Чермошнян ауылдық округінің әкімі Қ. Т. Ищанов қатысты.

Бірінші болып сөз алған экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б. Ә. Сәрсембаев Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2024-2026 жылдарға арналған ауданның бюджетін бекіту туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ақпарат берді.Ақпарат бойынша аудан әкімінің экономика, құрылыс және жедел мәселелер жөніндегі орынбасары Е. Е. Дүйсембин берілген ақпаратқа қосымша түсініктеме берді.

Келесі «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің 2024 - 2026 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Чермошнян ауылдық округінің әкімі Қ. Т. Ищанов баяндап берді.

Күн тәртібіндегі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының аумағында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту бойынша кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Н. В. Голубь есеп берді.

Сессияда Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігің жанындағы кәлеметке толмағандардың істері жөніндегі және олардың құқықтарын қорғау комиссияның құрамы бекітілді. Сессия барысында барлық қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

* * *

АЗАМАТТАРДЫ БІРЫҢҒАЙ ҚАБЫЛДАУ КҮНІ

2024 жылдың 28 ақпанында Тайынша ауданының әкімі, құқық қорғау органдарының, аумақтық және атқарушы органдардың басшылары Азаматтарды бірыңғай қабылдау күнін өткізді. Қабылдауға Тайынша қаласы мен Петровка ауылынан келген азаматтарды қосқанда 17 адам келді. Телефон арқылы бір адам хабарласты.Келген азаматтар сұрақтарына тиісті жауаптар алды.

* * *

ҚАЛА ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛУДА

Тайынша қаласында биылғы жылы қардың қалың түсуіне байланысты, сондай-ақ су басу қаупінің алдын алу және көктемгі су тасқынының қиын жағдайын болдырмау мақсатында қардан тазарту жұмыстары жүргізілуде. Қарды тазалауға арнайы техникалар жұмылдырылған. Жұмыстар тұрақты түрде күнделікті жүргізілуде.

ТЕМЕКІ ШЕГУДІҢ АЛДЫН АЛУ!

Жасөспірімдердің темекі шегуі – қазіргі уақытта ең маңызды медициналық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық проблемалардың бірі. Бала мен жасөспірімде темекі шегу кейіннен алкоголь мен есірткіні біріктіретін девиантты мінез-құлықтың алғашқы түрлерінің бірі болып табылатындығы мәселеге ерекше назар аудартады. Адам үшін никотиннің өлімге әкелетін дозасы дене салмағының 1 кг үшін 1 мг құрайды, яғни жасөспірім үшін шамамен 50-70 мг құрайды. Бірақ өсіп келе жатқан жас ағза ересек адамға қарағанда никотинге шамамен екі есе сезімтал екенін ескеру қажет. Демек, егер жасөспірім бір уақытта жарты қорап темекі шегетін болса, өліп кетуі мүмкін, өйткені тұтас қорапта никотиннің бір өлім дозасы бар.

Бірнеше жыл бұрын дүкен сөрелерінде бумен дем алуға арналған құрылғылар пайда болды. Олар әдеттегі темекіге қауіпсіз балама ретінде насихатталады. Вейп шегетін адамдардың көпшілігі бұл темекі шегуді толығымен алмастыратынына және ешқандай зиян тигізбейтініне сенімді. Бірақ бұл мүлдем олай емес. Вейп сұйықтықтарының құрамында пропиленгликоль, глицерин және басқа да улы заттардан бөлек никотин бар, ол адамды тәуелділікке душар етеді. Вейптың құрамындағы хош иістер адамның өкпесіне қауіпті-олар бронхтар мен өкпе тіндерінің қабынуы мен зақымдалуына әкелуі мүмкін. Электрондық темекідегі хош иістер мен басқа да улы заттардың адам ағзасына толық әсері соңына дейін зерттелген жоқ.

Балалар мен жасөспірімдердің темекі шегу мәселесі қазіргі уақытта өзекті. Тіпті мектеп оқушылары арасында дәл осы электронды темекіні шегу (бу тарту) сәнге айналды. Көптеген қоспалардың, темекі өнімдері сияқты, құрамында никотин бар, сондықтан бұл заттың ағзаға теріс әсерінің барлық түрлері электронды темекіге тән. Сонымен қатар, вейперлер олардың денсаулығына зиян тигізбейтініне сенімді, олар классикалық темекі шегуден гөрі жиі бу тартып, никотинді көп тұтынуда.

БАЛАНЫ ОДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

- ата-аналармен және басқа да жақын ересектермен сенімді қарым-қатынас –тәуелділіктен арылудың басты шарты болып табылады;
- балаларға никотинге тәуелділік, оның зияны мен болашақтағы өмірге әсері туралы хабарлау керек;
- баланың сүйікті ісінің, қызығушылықтарының болуы. Ерте жастан бастап балаларды спортқа және түрлі ермек іске баулуға болады;
- жасөспірімдермен әңгіме барысында қатаң тыйымдарға қарағанда, вейп пен электронды темекісіз өмірдің артықшылықтарына назар аударған жөн. Көптеген балалардың пікірінше – тыйым салынған нәрсені міндетті түрде сынап көру керек;
- жасөспірімдердің ағзасына қандай зиян келтіретінін және болашақта олардың денсаулығына қалай әсер ететінін түсінуі маңызды.

ТУБЕРКУЛЕЗ – ЖҰҚПАЛЫ ЖӘНЕ ӨТЕ ҚАУІПТІ КЕСЕЛ

Емі табылғанша талай адамның түбіне жеткен бұл ауру – туберкулез микобактериясы адам ағзасына түскеннен пайда болатыны белгілі. Бұл – жұқпалы және өте қауіпті кесел. Басқа инфекцияларға қарағанда, ол созылмалы болғандықтан, сақтандыру шаралары жолға қойылмаса, жұқтырған адамдар саны біртіндеп көбейе береді.Сырқаттылық белгілері бірден пайда болмайды: жұққаннан бастап, ауру белгілеріне дейін бірнеше ай, жылға созылуы мүмкін. Туберкулез қоздырғышын 1882 жылы неміс ғалымы Роберт Кох ашқанын еске сала кету керек. Негізгі таратушы – туберкулезбен ауырған адам, оның қақырығы. Туберкулезбен ауыратын жануарлар, әсіресе ірі қара малдар. Туберкулез ауа-тамшылары арқылы жұғады: қатты сөйлегенде, түшкіргенде, жөтелгенде бірнеше кішкентай бөлшектері ауаға бөлінеді, ол жылына 10-15 адамды жұқтыруы мүмкін. Ауа-шаңмен жұғады: шаңмен бірге туберкулез микобактериясы өкпеге түсіп, сау адам ауырып қалуы мүмкін. Алиментарлы жолмен: көбінесе туберкулезбен ірі қара малдар ауырады. Шошқа, ит, тауық, қой және жылқы сирек ауырады. Адамға ауру малдың сүтінен жұғады.

Туберкулез барлық адамға жұға бермейді, тек негізінен ішінде иммунитеті төмендеген, әлсіз адамдардың ауырып қалу қаупі жоғары. Қазіргі таңда бұл кеселдің алдын алу шараларын сақтаған дұрыс. Туберкулез таяқшасы, әсіресе, өкпе туберкулезінің жұқпалы (ашық) түрімен ауырған адамның қақырығында көп болады. Алайда, туберкулездің жабық түрімен ауыратын науқас фтизиатр дәрігердің бақылауында болуы керек. Өйткені ол сәл ауырып, көңіл күйі нашарласа, тәннің инфекцияға қарсыласуы әлсіреп, туберкулездің белең алуы ықтимал. Көп жағдайда туберкулезбен халық арасында әлсіз адамдар ауырады. Олардың денін білімі төмен, жұмыс істемейтін, бірақ жұмысқа қабілетті 18 бен 45 аралығындағы жастар мен жасамыстар құрайды. Туберкулездің белгілері: салмақ тастау, тершеңдік, кеуде қуысындағы ауыру сезімі, қан түкіру, жалпы әлсіздік және тез шаршау, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі.

Туберкулез ауруының белгілері байқалған жағдайда дереу жақын маңдағы емханаға немесе аурухана дәрігерлеріне қаралып, қақырық анализін, туберкулез таяқшаларын анықтау сараптамаларын жүргізу және өкпесіне рентген жасау қажет. Қажетті фтизиатр мамандардың кеңесін алып, диагноз дәлелденсе, қажетті схемалар бойынша емделіп, ал туберкулезге күмән болса, диспансерлік «О» топта қаралып, тексерілуден кейін, ол адамға қажетті қорытынды берілуі тиіс.Қазіргі кезеңде мемлекеттік бағдарламаны орындауда туберкулездің алдын алу, анықтау және емдеу, қажетті құралдар, дәрілік заттарды сатып алу, азаматтық және пенитенциарлы секторлар мамандарын оқыту жұмыстарын жүргізу шаралары жолға қойылған. Мемлекетімізде туберкулезге қарсы қолға алынған жұмыстар нәтижелі деуге болады. Эпидемиялық жағдай тұрақталған. Соңғы жылдары азаматтар арасында туберкулезден болатын өлім-жітім көрсеткіштері төмендеді. Туберкулезді тежеп, асқындырмай анықтау үшін оған күмән туғызған адамдарды жедел әдіспен (G-Xpert) тексеруді қамтамасыз ету, қауіп-қатер тобындағыларды флюорадан өткізу, жұқпалы науқастарды және олармен қарым-қатынаста болған балаларын толық оқшауландыру, санаториялық жағдайда ауырып жазылған науқастарды оңалту, туберкулез инфекциясының резервуарын азайту үшін созылмалы науқастарға инфекциялық бақылауды сақтай отырып, хоспис құру жұмыстарын жалғастыру керек әрі бұл жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді.Ал сырқат адам әрқашан дәрігердің барлық ұсынысын бұлжытпай орындап, емделгені жөн. Дер кезінде байқалса, туберкулезден тез айығып кетуге болады. Дәрі-дәрмектерді өз уақытында қабылдаған науқастардың айығып кету мүмкіндігі зор.Туберкулездің емі ақысыз жүргізіледі. Пациент белгіленген дәрілерді араға үзіліс салып қабылдаған жағдайда және толық қабылдамаған жағдайда дәріге көнбеушілік қозады.

Гүлжауһар Сағынтаева,
Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы.

• Сайлау – 2024

Шығып қалған депутаттың орнына Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына сайлау жөніндегі №8 аудандық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2024 жылғы 23 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі аудандық сайлау комиссиясының №8 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша отырысы өтіп, онда Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидатты тіркеу туралы мәселе қаралды.

Аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидатты №8 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша тіркеді:

Сыздықов Бақыт Серікұлы, 1980 жылы туған, ұлты қазақ, СҚО Тайынша ауданы Тайынша қаласының тұрғыны, «Олжас и К» ШҚ басшысы. Депутаттыққа өзін өзі ұсынды.

№ 8 аудандық сайлау комиссиясы

Шығып қалған депутаттың орнына Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына сайлау жөніндегі №8 аудандық сайлау комиссиясының
ХАБАРЛАМАСЫ

2024 жылғы 27 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі аудандық сайлау комиссиясының №8 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша отырысы өтіп, онда Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидатты тіркеу туралы мәселе қаралды.

Аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының депутаттығына кандидатты №8 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша тіркеді:

Гүлмира Олжабайқызы Гизеева, 1976 жылы туған, ұлты қазақ, «Болашақ» балабақшасы МКҚК меңгерушісі, СҚО, Тайынша ауданы, Ново-Приречное ауылында тұрады. Депутаттыққа өзін өзі ұсынды.

№ 8 аудандық сайлау комиссиясы

Сайлау-2024 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленеді

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: **65710**
Газет әр аптаның **жұма** күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс: **78.** Таралымы: **1300**.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.